

ЕМБІДЕ БАС ТЕХНОЛОГ
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



2

ЕМБІДЕ ВАКЦИНАЦИЯ БОЙЫНША
ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



4-5

КАК ИНВЕСТИРОВАЛИ
В РАЗВЕДКУ НЕФТИ НА ЭМБЕ....



6



Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№11 (75)
ТАМЫЗ
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

*Құрыш қолды
құрылысшылар
күні құтты болсын!*



Тамыз айының екінші жексенбісінде «Құрылысшылар күні» мерекесін атап өтеміз.

Құрылыс саласы бүгінгі таңда еліміз бойынша ең маңызды кәсіби мерекенің бірінен саналады. Әр мамандықтың қоғамда алатын өзіндік орны бар десек, мәртебелі мамандықтың бірі құрылысшы мамандығы екендігі баршамызға аян. Құрылысшы — адамзат өркениетінің бастауында тұрған кәсіп. Құрылысшы еңбегі қашан да жоғары құрметке лайық. Себебі, кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуымен тікелей байланысты.

Бүгінгі Ембі өңірін құрылыс саласынсыз көз алдымызға елестету мүмкін

емес. Қарапайым тілмен айтар болсақ, мұнай кеніштеріндегі заман талабына сай бой түзеп, пайдалануға берілген барлық нысанларда ембілік құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Компаниямызда еңбек етіп жатқан жұмысшылар үшін Ембі өндіріс алаңында жаңа құрылыс нысанының іске қосылуы – үлкен қуаныш, айтулы мереке.

Мұнай кен алаңдарында аянбай еңбек етіп жатқан ембілік құрылысшыларды төл мерекелерімен құттықтай отырып, дендеріне мықты саулық, еңбектеріне толымды табыстар тілейміз!

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы биыл экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еншілес компанияларында оның қоршаған ортаға әсерін кешенді бағалау үшін бірқатар шараларды жоспарлап отыр. Компанияның цифрландыру бағыттарының бірі – ҚМГ экологиялық мониторингінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (ЭМАЗЖ) әзірлеу және енгізу жобасы. Жүйе қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті кешенді түрде автоматтандыруға, атап айтқанда оның жағдайы туралы ақпаратты жинақтауға, сақтауға, өңдеуге, талдауға арналған. ҚМГ компаниялар тобының мүдделі қызметкерлерінің аталған жүйені пайдалануға рұқсаты болады.

«ҚазМұнайГаз» жаңа Экологиялық кодекстің талаптарын енгізуде



Сонымен қатар, жаңа Экологиялық кодексті іске асыру аясында Қазақстанда экологиялық ақпараттың бүкіл мемлекеттік қорын біріктіретін Бірыңғай

экологиялық портал іске қосылып жатыр. Порталды іске қосу қоршаған ортаны қорғауды реттеу мақсатында ҚР Экология, геология және табиғи

ресурстар министрлігінің жаңалықтарының бірі болып табылады.

«Бірыңғай экологиялық портал – бұл ел операторларының

қызметін қолдау және дамытуға арналған маңызды алаң. Біз қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы процестерді цифрландыру үшін осы порталдың қызметтерін пайдаланудың үлкен әлеуетін көріп отырмыз. Бұл қалдықтар мен зиянды заттардың шығарылуы туралы есеп беру, кәсіпорындардың санаттарын анықтау сияқты бизнес-процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек біз болашақта ЭМАЗЖ жүйесін Бірыңғай экологиялық порталмен біріктіру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз», - дейді ҚМГ Еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов.

Портал іске қосылған жағдайда, шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат жинау, өңдеу

және қалыптастыру уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Ол қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тікелей немесе жанама ақпарат ағындарын реттейді, сондай-ақ, территорияға бөлінген еншілес компаниялардың есептерін шоғырландыруға және экологиялық менеджментке жұмсалатын шығындарды оңтайландыруға септесетін болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Экологиялық кодексінің жаңа редакциясы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енгенін атап айтамыз.

Бұдан бөлек қоршаған ортаны қорғау ісіне жіті назар аудару, қоршаған ортаға кері әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен әлемдік тенденцияларға лайықты шаралар қабылдау мақсатында 2021 жыл ҚМГ компаниялар тобы бойынша Экология жылы деп жарияланды.

www.kmg.kz

ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлері арасында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялар байқауына өтінімдер қабылдау басталды

Байқауға ҚМГ компаниялар тобында еңбек ететін кез келген қызметкер немесе өндірістік құрылым қатыса алады. Идеяларды арнайы комиссия үш кезеңмен қарастырады: бірінші деңгейде идеяларды ҚМГ компаниялар тобының мекемелері, екінші деңгейде ҚМГ құрылымдық бөлімшелері және соңғы шешуші кезеңде компания басшылығы қарайды.

9 және одан жоғары баға алған әрбір өтініш келесі деңгейдің комиссиясының қарауына жіберіледі. Ол комиссия ең үздік 3 жеңімпазды анықтайды.

Идеяны бағалау шарттары:

Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында көрсетілген көшбасшылық;

ҚМГ тобының барлық кәсіпорындарына тарату мүмкіндігі, яғни идея/тәжірибесі жаппай енгізу мен іске асыру мүмкіндігі;

Өзіндік құнды, тәуекелдер деңгейін төмендету, төтенше оқиғаларға жол бермеу және оның салдары үшін жауапкершілікті алдын алу есебінен құндылықтарды жоғарылату.

Байқауға қатысу үшін өтінішті толтырып, оны мына мекенжайға жолдау қажет: annual.hse.award@kmg.kz.

Өтініштер 2021 жылғы 10 қазанға дейін қабылданады. Бұдан кейін өтініштер тіркеледі және саралау процесін бастау үшін ҚМГ компаниялар тобының тиісті ұйымдарына жолданады.

Байқау қорытындысы бойынша 1, 2 және 3-ші орындарды иеленген үшінші турдың жеңімпаздарына төмендегідей марапаттар мен сыйлықтар табысталады:

1-орын – ҚМГ Басқарма төрағасының құрмет грамотасы және 500 АЕК ақшалай сыйлық.

2-орын – ҚМГ Басқарма төрағасының құрмет грамотасы және 300 АЕК ақшалай сыйлық.

3-орын – ҚМГ Басқарма төрағасының құрмет грамотасы және 100 АЕК ақшалай сыйлық.

Байқау қорытындысы жыл соңында жарияланады.

www.kmg.kz

ТАҒАЙЫНДАУ

Ембіде бас технолог тағайындалды

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен Марат Қайырбекұлы Елеусінов Компанияның бас технологы болып тағайындалды.

Марат Қайырбекұлы еңбек жолын 2009 жылы «Өзенмұнайгаз» ӨФ-да мұнай және газ өндіру операторы болып бастады.

Содан бастап бүгінгі күнге дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру тобының инженері, жетекші инженері, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ өндірістік-желдел басқару және мониторинг департаментінің жетекші инженері, директорының орынбасары, кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өндірістік-желдел басқару және мониторинг департаментінің директоры, мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары, кейін директоры, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.



ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ

Әріптесіміз – облыстық мәслихаттың депутаты

Жуырда өткен облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Махмұдұлы Қасымғалиев Атырау облыстық мәслихатына депутат болып сайланды.

Әріптесімізге депутаттық мандат куәлігін Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Азамат Айманакумов табыстады.

Жиын барысында Қанатбек Қасымғалиев өзіне артылған сенімге алғыс білдіріп, болашақта мұнайлы өңірдің одан әрі дамуына, өзекті мәселелердің шешілуіне үлесін қосуға тырысатынын жеткізді.

Біз де өз кезегімізде әріптесімізге сәттілік тілейміз!



БІЗДІҢ МЕРДІГЕРЛЕР

Тиімді серіктестік жетістікке жетелейді



«Ембімұнайгаз» АҚ мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында бірнеше жылдан бері жан-жақты ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасқан. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбекақы жобасы, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жеңілдетілген несие жобасы, банкоматтар желісімен қамту жобалары сәтті жүзеге асуда.

Жуырда қос тарап арасындағы іскерлік серіктестік байланысты одан әрі нығайту және жақсарту мақсатында ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Атырау облыстық филиалының директоры Жанна Майкопова кездесіп, «Ембімұнайгаз» АҚ үшін тиімді жағдайларды қарастыратын қосымша келісімшартқа қол қойды.

Кездесу соңында екі тарап іскерлік байланыс жаңа жетістіктерге жол ашатынына сенім білдіріп, қызметтік табыс тіледі.



COVID-19

«Ембімұнайгаз» АҚ «Ashyq» жобасына қосылды

COVID-19 инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында компанияның бас кеңсесіне және өндірістік бөлімшелердің кеңселерінің қызметкерлерінің және бас кеңсеге келушілердің статусы «Ashyq» мобильдік қосымшасы арқылы анықталады.

Статусты анықтау ақпараттық жүйелер ПТР-тестілеудің бірыңғай интеграциялық порталы және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 бақылау орталығы арқылы үйлестіріледі.

- «Жобаның халыққа пайдасы қандай?» деген сұрақты жиі естіп жатамыз. Еңбастысы – қауіпсіздік. Біздің негізгі мақсатымыз – қызметкерлерімізді корона-вируспен ауыратын немесе аталған вирусты жұқтырған науқастармен байланыста болған келушілерден қорғау. Мүмкін олар симптомсыз ауырып, вирус таратушы екенін



білмейтін де болар. Бұл індеттің күрделілігі де осында. Аталған жоба арқылы кеңсеге келушілердің деңгейі анықталады. Егер қызыл немесе сары деңгей көрсетсе, онда біздің нысанға кіруге тыйым салынады.

Бұл қосымшаға Атырау қаласындағы бас кеңсе мен құрылымдық басқармалардың кеңселері де қосылды, - дейді ЕМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Мақсат РУСАЕВ.

- **Жасыл деңгей** – жүріп-тұруда шектеу жоғын білдіреді, мұндай адам базада COVID-19 індетіне ПТР-тестілеуі теріс нәтиже шыққан немесе індетке қарсы вакцинаның толық компонентін алған.
- **Көк деңгей** – ПТР-тестілеудің нәтижесі жоқ, ауру жұқтырған адамдармен байланыста болған адамдар есебінде жоқ.
- **Сары деңгей** – деректер базасында байланыста болғандар есебінде тұрған адам.
- **Қызыл деңгей** – жүріп-тұрудың шектелгенін, Covid-19-ке оң нәтиже шыққанын, үй жағдайында оқшаулау режимін қатаң сақтауды білдіреді.

ҚҰРЫЛЫС

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Оңтүстік-Батыс Қамысты кен алаңында блокты модульді жылу қазанының құрылысы аяқтала келді. 2020 жылдың қараша айында басталған өндіріс нысанының негізгі құрылыс жұмыстары бітіп, алдағы қыркүйек айында ғимарат іске қосылады деп күтілуде.

Жылу және ыстық сумен қамту жақсарады

Сонау 80-жылдарда қолданысқа енген бұрынғы жылу қазанының тозығы жетіп, ғимаратының ірге тасы әбден отырып кеткен болатын. Оның үстіне аталмыш кен алаңының аумағында орналасқан нысандарды толықтай жылумен қамту мәселесінде де проблемалар туындаған. Осы жәйттарды ескерген басшылық жаңа блокты модульді жылу қазанының жобасын жасақтауға тапсырыс беріп, «КМГ Инжиниринг» ЖШС мекемесінің Атырау облысындағы бөлімшесі аталмыш жобаны жасақтады.

- Жобаның тиімділігі Оңтүстік-Батыс Қамысты кен алаңындағы 60 және 30 орынды екі жатақхананы, 50 орынды асхананы, мұнай-газ өндіру цехы өндірістік нысанын, Өрт сөндіру ғимаратын және мұнай учаскесінің операторлар ғимаратын жылумен, ыстық сумен толықтай қамтып отырады. Бұл орайда, блокты модульді жылу қазанының тәулігіне 2600 кВт жылу, 550 кВт ыстық су беру мүмкіндігі бар, - дейді «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының құрылыс бөлімінің бастығы Еркебұлан ОСПАНОВ.

Айта кету керек, осыдан біраз жыл бұрын блокты модульді жылу қазаны «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңында да іске қосылған болатын.



Былыр наурызда короновирусты дақпырт әңгіме деп қабылдағандардың көбі дерлік шілдедегі шейіт кеткендерді өз көздерімен көріп, аурудың барын «мойындаған» еді. Қазір де әлемде вируспен күрес қарқынды жүруде. Мутацияланған вирустың жаңа штамдары анықталып, дертке шалдыққандардың саны да күн санап өсуде. Эпидемиологиялық ахуал алаңдатарлық. Елде індеттің жаңа толқыны басталды.

Қазір Атырау облысындағы емдеу-сауықтыру мекемелерінде науқастарға орын жетпей жатыр. Тәулік сайын 500-же жуық вирус жұқтырғандар тіркеліп, анти-рекорд орын алуда. Жағдайдың күрделілігі сол, науқастардың арасында балалар мен жүкті әйелдер де кездесуде. Вирус салдарынан



Ембiде вакцинация бойынша

өлім деңгейі де өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда шамамен 1,5 есеге артып отыр.

Осы күрделі жағдайдың алдын алу, қауіпті дерттен қорғайтын жалғыз амал – вакцина екенін жеткізу, ақпараттық түсіндіру мақсатында жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мен Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова, Атырау қалалық №7 емханасының бас директоры Гүлнафис Танбаева «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Қисымбай, Терен-Өзек, Прорва, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Б.Жоламанов, Кенбай және Уаз, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Қарсақ, Ботахан кен алаңдарының және «Ембімұнайэнерго», «ӨТҚЖЖК» басқармаларының мұнайшыларымен кездесті.

- Ел ішінде екіұдай пікірлердің дені екпеге қатысты екен белгілі. Аурудың жаңа түрі болғандықтан, үрей мен психологиялық тұрғыда үміттің болуы да орынды. Мен өзім симптомсыз түрде ауырсам да, сол кездегі бойымдағы үрей мен дәрменсіздікті вакцина алар алдындағы сезіммен салыстыруға

келмейді. Біз – қоғамның бір бөлшегіміз. Дәрілері жоқ қаншама ауру бар?! Дерттің күшін вакцина арқылы жеңу – адамзат тарихында бұдан бұрын да болды. Сондықтан, ең әуелі өзіміз бен айналамызды, отбасымызды, ұжымдастарымызды қорғау үшін дұрыстап ойланып, пайыммен шешім қабылдау керек деп ойлаймын, - деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.**

Айта кетейік, Компания басшылығының шешімімен, вакцина алған күні әр қызметкерге еңбекақысы сақталатын 2 күннен, жалпы 4 күн демалыс беріледі. Алғашқы түсіндірме жұмыстарына дейін Компания қызметкерлерінің 8%-ы вакцина алған болса, бүгінде ембілік жұмысшылардың шамамен 30%-ы екпе алған.

Түсіндірме жұмыстары барысында мұнайшыларға ҚР аумағында қолданылатын вакциналардың құрамы мен тиімділігіне, олардың ағзаға әсеріне, вакцинацияға қарсы көрсетілімдерге және басқа да көптеген мәселелерге қатысты барлық толғандыратын сұрақтар бойынша толық ақпарат берілді.

Жұмысшылар тарапынан жиі көтерілген сұрақтарды

назарларыңызға ұсынып отырмыз:

- «Дельта» штамм мен «альфа» штаммының айырмашылығы қандай?

Жауап: «Дельта» штаммы бұрынғы штамдарға қарағанда 60%-ға жұқпалы. Орташа алғанда, «Альфа» штаммы 3-4 адамға жұқса, Үнді штаммы бір адамнан 6-8 адам жұқтырады, «Дельта» штаммының инкубациялық кезеңі – 7 күн.

«Дельта» штаммында «Альфадағы» жүрек, қан-тамыр жүйесімен қоса, іш құрылысының ауыруы, тыныс жолының тарылуы клиникасы байқалады. Басты симптомы – бас ауруы, тұмау, ангина, жоғары температура.

- Жүктілік жоспарлау кезінде вакцина алуға болады ма?

Жауап: Сәби сүюді жоспарлаған әйел адамдар сол жүктілікке дейін 2 апта бұрын вакцина алғаны дұрыс. Өйткені, екпеден 2 аптадан кейін организмде толық иммунитет қалыптасады. Сол арқылы дүниеге дені сау сәби әкелуге септігін тигізеді.

COVID-19-ға қарсы антидене омырау сүті арқылы да сәбидің ағзасына жетеді. Содан нәресте ауруға шыдамды, қарсы тұру қабілеті жоғары болады.





Түсіндірме жұмыстары жалғасуда

- Вакцина алу мәжбүрлі ме?

Жауап: Вакцина алу – әркімнің өз қалауы. Дегенмен, бір нәрсені түсіну керек. Вакцина бұған дейін қолданыста болды. Әлемде 13 түрлі індет вакцина арқылы тоқтатылды. Бұл тәжірибе әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Дүниеге шыр етіп келгенде нәрестеге де вакцина салынады. Перзентханадан шықтастан бұрын сәбиге 3 түрлі вакцина салынады. Бұл – сәбиді қоршаған ортамен байланысқа түсуі үшін түрлі инфекциялардан қорғау, сақтану реакциясын бейімдеу мақсатында қолға алынып келеді.

Бұл вакцинаның да өзге екпелерден еш айырмашылығы жоқ, сол мақсатта қолданылып отыр.

- Созылмалы ауруға шалдыққан адамдарға вакцина алуға болады ма?

Жауап: Созылмалы диагнозы бар адамдарға бірінші орында вакцинаны алуға кеңес береміз. Өйткені, дәл осы санаттағы адамдарда COVID-19 күрделі жағдай тудыруы, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Себебі, мұндай адамдардың иммунитеті төмен, ағзасы әлсіз. Яғни, вирус ауыратын жерді бірден асқындырады.

- Қазақстанда қолданылатын 4

вакцинаның бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

Жауап: Барлық 4 вакцина да осы уақытқа дейін белгілі болған вирустың 5 штамына да қарсы күресуге септігін тигізеді. Түптеп келгенде, бәрінің мақсаты бір.

Спутник V -18°C-да сақталып, вируспен 92%-ға дейін күресе алады;

Найат Vac +2, +8°C-да сақталып, вируспен 89%-ға дейін күреседі;

Корона Vac +2, +8°C-да сақталып, вируспен 89%-ға дейін күреседі;

QazVac +2, +8°C-да сақталып, вируспен 98%-ға дейін күреседі;

- Антидене болса, вакцина тапсырмауға бола ма?

Жауап: Вакцина алу арқылы жасанды иммунитет адам бойындағы табиғи иммунитетпен қосылып, ағзаға вирус түскенде қарсы күреседі. Антидене әр адам ағзасында әртүрлі болуы мүмкін. Сандық тұрғыда антидене көп болғанымен, сапасы оның белгісіз. Сондықтан, ол біздің пневмония мен COVID-19-бен ауырғанымызды ғана көрсетеді, бірақ, вирусқа қарсы жұмыс жасайтын фактор болып табыл-


майды. Вакцина алғаннан кейін организмде иммунитет 14-21-28 күнде (екі компоненттің аралық кезеңі – ред.) пайда болады, антидененің жұмысын күшейтеді. Сөйтіп, организмде иммунитет қалыптасады.

Егер вирус жұқса, сіз ауырмауыңыз мүмкін. Ал, егер ауырған жағдайда, иммунитет вирусқа қарсы күресіп, ауру жеңіл түрде өтеді. Вакцина алған адам ауырса, реанимацияға түспейді және өлім жағдайының алдын алады.

- Вирус зерттелген бе? Неліктен тез дайындалды?

Жауап: SARS-COV коронавирусы осыдан бірнеше жылдар бұрын тіркелді. Вирус бұған дейін зерттеу кезеңінде болды. Ресей Федерациясындағы Н.Ф.Гамалеи атындағы ғылыми-эпидемиологиялық зерттеу институты былтырғы жылы коронавирустық инфекциямен ауырған адамның вирусынан аденовирусты алып, зерттеп, осы вакцина шықты. Вакцинаның құрамында өлі және әлсіз вирустық инфекция және соны қорғайтын компоненттері болады. Тек ақуыздан құралған вакцина құрамына артық элементтер қосылмайды.





Как мы уже писали, одними из первых деловых людей, проявивших дальновидность к проявлениям нефти в отдаленной, как тогда называли, киргизской степи вдоль реки Эмба, стали: отставной гвардии штабс-капитан, российский предприниматель, основатель первой нефтепромысловой конторы Николай Леман, купец, владелец крупнейшего российского торгового концерна Иван Стахеев и ученый, известный путешественник Михаил Грум-Гржимайло.

Согласно деловой переписке, обнаруженной в Российском государственном историческом архиве, совместные интересы этих предпринимателей, помимо собственного бизнеса и разведки нефти на Эмбе, простирались на строительство и обеспечение деятельности кирпичных заводов в Баку. разведку полезных ископаемых и драгоценных металлов в Семипалатинской области.

Эти и другие предприимчивые люди в конце 19-ого и на заре 20-веков учреждали многочисленные нефтяные общества с целью разведки и добычи нефти на перспективных участках будущей нефтяной Эмбы.

Самым крупным являлось «Урало-Каспийское нефтяное общество», учрежденное Леманом, великобританским подданным Эдвардом Юм-Шведером и потомственным почетным гражданином Отто Адольфовичем Листом и действовало на основании устава от 22.12.1910 г.

Общество управляло собственностью, принадлежавшей Н.Н. Леману, М.Е. Грум-Гржимайло и наследникам Г.Г. Дольфельмайера на основании утвержденного 18.11.1909 г. положения Совета Министров на исключительное право производства до 12.11.1912 г. изыскательских работ по разведке полезных ископаемых в волостях: Бланской, Карабалинской, Карагагыровской, Эмбенской, Эмбаатравской, Кермакаской, Акбасовской и Джарчикской Гурьевского уезда Уральской области в

Как уже хорошо известно нашим постоянным читателям, к близящемуся 100-летию нефтяной Эмбы, на протяжении последних лет мы ведем исследовательскую работу по изучению истории нашей компании. В июле месяце текущего года, благодаря поддержке руководства компании, удалось посетить центральные архивы Российской Федерации, где хранятся уникальные документы по ранней истории поисково-разведочных работ и разработки эмбинских месторождений. Сегодня, мы начинаем публикацию новой серии очерков о том, с чего начиналось становление нефтяной Эмбы и ее значение в истории развития страны.

КАК ИНВЕСТИРОВАЛИ В РАЗВЕДКУ НЕФТИ НА ЭМБЕ....



полном объеме и со всем тем, что из него вытекает.

Основной капитал общества составлял 3.5 млн рублей, разделенных на 35 тыс. акций по 100 рублей каждая. Обществу принадлежала огромная территория в 20 тысяч верст, огороженная столбами согласных 100 заявок.

Нефтепромышленное и торговое общество «Колхида» - было организовано давним партнером Стахеева, действительным статским советником Алексеем Путиловым и коммерции советником Александром Найденовым, первоначально для действий в Кубанской области, которое позже перенесло деятельность на Уральскую область.

Общество приобрело от Урало-Каспийского нефтяного общества 10 участков земли в пределах концессии в урочищах Доссор, Искине, Макат, Сатбалды и Акаткуль, по 2 версты в каждом урочище. Основной капитал общества - 3 млн. рублей, соответственно 3 тыс. акций по 100 рублей каждая. Самостоятельно буровые работы общество не проводило, передав этот объем обществу «Эмба».

Эмба-Каспийское нефтепромышленное общество - было создано в 1912 году, акционерами которого выступили российский и британские банки (подробнее в следующих публикациях - от Л.С.). Делами в России заведовал комитет по доверенности Стахеева и Путилова. Общество проводило работы по переданным Леманом заявочным

участкам в пяти урочищах: Искине - 115 участков, Доссор - 115 участков, Макат - 114 участков, Каратон - 115 участков и Карачунгуль - 114 участков.

Основной капитал общества составлял 32 млн. рублей, буровые работы проводились обществами «Эмба» и «Ридель».

К 1916 году ажиотаж на Эмбе, вызванный фонтанами на Карашунгуле и в Доссоре начал сходиться на нет в связи с неоправдавшимися надеждами многочисленных инвесторов. Согласно отчетному докладу Правления АО «Эмба-Каспийское нефтепромышленное общество» для акционеров компания завершила 1915 операционный год с солидным убытком.

В отчете Правление объясняет акционерам полученные итоги непроизводительными затратами на начальном этапе существования общества:

- Имея перед собой огромную площадь принадлежавших обществу заявочных участков и не оставшись свободными от охватившего уральских предпринимателей ажиотажа, составили и выполнили свой план работ следующим образом: остановили выбор на урочище Доссор, которое привлекло в Уральской области предпринимателей и в недрах которого к этому времени работавшие там фирмы обнаружили мощные, как казалось, залежи нефти Руководители тогда сразу, не прибегая к предварительной разведке приступили здесь к капитальному бурению в широком масштабе и при

ускоренном темпе работ, предполагая большую добычу, в том же масштабе снабдили промысла и морскую пристань нефтехранилищами, нефтепроводами и обустроили их поселками.

Все это потребовало больших затрат, а кроме того столь широкая и быстрая постановка дела, конечно повлекла за собой излишние перерасходы при покупке предметов оборудования промыслов, их

перевозку и тому подобных сопряженных с организацией предприятий действий.

Помимо деятельности на Доссоре руководители поставили оборудование также на промысла в урочищах Искине и Макат, но уже в меньшем объеме и тоже без детального изучения этих урочищ.

Действительность как вам известно обманула надежды, работы не оправдали произведенных затрат, израсходованных на них и на большую часть оборудования промыслов. Суммы оказались израсходованы непроизводительно, почему ни в коем случае не могут являться активными статьями и должны быть списаны в убыток.

Выводы отчетного доклада были следующие.

Первое - сумма, которую общество выплатило за выкуп участков в размере 10.000.000 была безусловно преувеличенной ввиду обнаруженной действительной их стоимости.

Второе - в ходе разведочных работ были установлены перспективные площади на месторождении Макат и в урочище Каратон.

По итогам отчетного доклада правление приняло решение впредь внимательнее и детально изучать земли, совместно с другими работающими в области предприятиями и привлечением лучших по опыту и знаниям геологов и инженеров.

Лаура Сулейменова
(Продолжение следует...)

КЕЗ КЕЛГЕН ЖҰҚПАЛЫ АУРУДЫ АУЫЗДЫҚТАЙТЫН ВАКЦИНА ҒАНА

Соңғы айлардағы ақпараттық алаңда вакцинация негізгі тақырыпқа айналды. Бұл, әрине, бүкіл әлемді дүрбелеңге салған коронавирус инфекциясының адамзатқа тажал сеуіп, ауыр зардап шектіріп, айылын жимай отырғанына тікелей байланысты туындап отыр. Вакциналау көптеген инфекциялық аурулардың алдын алу мақсатында ертеден-ақ кең қолданылып келеді. Біз бұған вакцинацияның әлемдік қолданылу тәжірибесіне тоқталмақпыз.


Жалпы адамзат тарихында ауруға қарсы егу шаралары ерте кезден басталған. Дүние жүзі бойынша шешекке қарсы вакцина қажет екендігі туралы сөз 1100 жылы Қытайда қозғалған. Араға жүздеген жылдар салып, яғни, 1721 жылы тұңғыш

П а й ғ а м б а р ы м ы з (с.ғ.с) хадистерінде: «Алла Тағала ауруды жіберсе, оның емін де жібереді және емін тауып емделіңіздер» дейді. Вакциналарға қарсы адамдар әрдайым болғанымен, көпшілік XX ғасырдың

Өткенге көз жүгіртсек, вакцина бізді өмір бойы – туғаннан кейін, балалық шақта, жасөспірім кезінде және есейген кезімізге дейін қорғауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес, балаларға екпе тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымдарда салынады. Перзентханада дүниеге жаңа келген дені сау бала В вирусты гепатитіне және туберкулезге қарсы екпені (БЦЖ) алуы тиіс болса, 1 жасқа дейін полиомиелит, туберкулез, қызылша, құл, сіреспе, көкжөтел, В вирусты гепатит, А вирусты гепатит, гемофильді инфекция, пневмококкқа қарсы екпені алуы керектігі белгілі. Және көрсетілген барлық вакциналау дер уақытында жасалуы маңызды. Вакцина алуы кешіктіру өзімізді ауыр сыртқа ұшыратады.

рет Ұлыбританияда шешекке төтеп беретін дәрі шығару қолға алынады. Эдвард Дженнер 1796 жылы алғаш рет «вакцинация» (латын тілінен аударғанда вакцина сөзі «ваксса» - сиыр, vaccinus – сиырдікі, яғни, сиыр оспасы деген сөзден бастау алды) сөзін енгізді. Сол жылы сиыр шешегіне қарсы вакцинаны қолданып, екпе жасайды. Уақыт өткен сайын кездескен түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакцинаны ғылыми тұрғыда дәлелдеп шығу үшін талай тер төгуге тура келді.

ең үлкен денсаулық жетістіктерінің бірі ретінде вакцинациялауды қолдайды. Егулерге қарсы үгіттеу халық денсаулығына үлкен зиян келтірме. Мысалы, ТМД елдерінде 90-жылдары дифтерия сырқаты өршіген. Қазақстанда дифтерияның өршуі 1995 жылы тіркелді, онда республикада бір жылда дифтериямен 1 105 адам сырқаттанып, оның 66-сы қайтыс болды. Өршу жағдайы халықты вакциналау арқылы ғана тоқтатылды. В а к ц и - н а л а у



Ізденімпаз ғалымдардың көп жылғы ерен еңбектері арқылы ауру түрлеріне қарсы вакциналар пайдаланылып келеді. Ол – жылдар бойғы еңбектің нәтижесі. Екпе алуға халықтың басым көпшілігі түсіністікпен қарайды. Мұхаммед

ар қы л ы бүгінгі таңда 20-дан аса жұқпалы аурулардың алдын алуға болады. Оның барлығы Ұлттық екпе күнтізбесіне енгізілген және оларды тегін алуға. Бірақ соңғы жылдары қоғамда егу мәселесіне теріс қарайтындар (әсіресе, діни ағымдар жетегінде

немесе ЕКПЕНІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ



Вакциналау – адам инфекция қоздырғыштарымен байланысқа түскенге дейін аурудан қорғандық қарапайым, қауіпсіз және тиімді әдісі. Вакциналау ағзаның табиғи қорғаныс механизмдерін қолдана отырып, көптеген жұқпалы ауруларға төзімділікті арттырады және иммундық жүйені күшейтеді. Аурулар сияқты вакциналар да иммундық жүйені арнайы антиденелер жасауға үйретеді. Вакцина егілген организмде ауруға қарсы иммунитет 2-3 аптадан кейін қалыптасып, бірнеше жыл бойы сақталады.

жүргендер арасында), тіпті оған қарсы пікір айтатындар пайда болды. Оның тиімділігін теріске шығарып, жас балаларын індетке қарсы еккізбеудің салдарынан кей аймақтарда қауіпті инфекциялар бас көтеріп, сәбилерді ауруға ұшыратып, өлім-жітімге жеткізіп жатқаны өкінішті. Қазір де COVID-19ға қарсы ем-шаралар арасында вакциналау ісі алдыңғы орында тұр.

Бұл күндері COVID-19 пандемиясы кезінде вакциналау өте маңызды болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы індет тудырған қиындыққа қарамастан, иммунизация және денсаулық сақтау қызметін үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге шақырды.

Вакцина қалай жұмыс істейді? Вакциналар қоздырғышқа и м м у н и т е т т і қалыптастыру үшін табиғи қорғаныс механизмін іске қосу арқылы ауру қауіпін азайтады. Вакциналау ағзаның иммундық реакциясын тудырады, яғни, антиденелер шығара бастайды. Антидене –

бұл ағзаның иммундық жүйесі аурумен күресу үшін табиғи жолмен түзілетін ақуыздар. Олар болашақта аурумен күресу үшін қоздырғышты есте сақтайды. Егер сол қоздырғыш ағзаға қайта енсе, иммундық жүйе аурудың дамуына жол бермей, оның көзін жояды. Адам бойындағы иммундық жүйенің есте сақтау қасиеті жақсы дамыған.

Қазіргі кезде алдын ала егудің нәтижесінде көптеген жұқпалы аурулар (мысалы шешек) жойылды. Бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жылына 500 млн адам жұқпалы ауруға шалдықса, оның 400 млн-дайы егілмегендер екені анықталып отыр.

Вакциналардың пайда болуымен менингит (Б типті гемофильді таяқшадан), полиомиелит, қызамық және дифтерия аурулары 95-100%-ға төмендеді. Сондықтан, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресте егудің маңызы зор екеніне еш күмән келтірілмейді.

И м м у н д а у

м и л л и о н д а ғ а н адамдардың өмірін қорғап, сақтап қалды, миллиондаған адамдарда аурудың таралуы мен өмір бойы мүгедектіктің алдын алды. Бұл тек коронавирустық инфекция жайлы емес. Медицинада «вакцинамен басқарылатын инфекциялар» термині бар.

аурулардан қорғауға көмектеседі. Мысалы, жыл сайын штамын өзгертіп отыратын грипп, яғни, тұмау ауруының тұрғындар арасында жеңіл өтуін қамтамасыз ету мақсатында күзде оған қарсы иммунизация жүргізіледі. Соның нәтижесінде, тұмау ел арасында асқынбай,

Бірден айта кету керек, вакцинация инфекциядан 100% қорғамайды, бірақ асқынудан немесе мүгедектіктен қорғайды. Адамзат тарихында иммундау медицинаның ең үлкен жетістіктерінің біріне айналды, жаппай иммундаудың сәтсіз тәжірибесі жоқ. Осылайша, шешек дерті вакцинацияның арқасында бүкіл әлемде жойылып кеткен жалғыз ауру болып қала береді.

Кейбір инфекциялық ауру сирек кездессе де, оның қоздырғыштары әлемнің кейбір немесе барлық аймағында бар. Қазір әлемде жұқпалы ауруларда шекара жоқ, бір елден екінші елге оңай еніп, иммунитеті төмен кез келген адамға жұғады.

Вакцина алудың екі негізгі себебі: өзіңізді және айналыздағы адамдарды жұқпалы

жеңіл-желпі өтуде. Егер мұндай шара өткізілмесе, өткен ғасырда 50 миллион адамның өмірін жаламаған «испан тұмауы» сияқты, миллиондаған адам өміріне қауіп төнер еді.

Бүгінде ковид инфекциясы әлемді шарлап кетті. Бес миллионға жуық (соңғы мәліметтер бойынша) 4,16 миллионнан астам) адам КВИ-ден көз жұмған.

Түйін. Дәрігер-ғалымдардың айтуынша, коронавирус енді ешқайда кетпейді, бізбен бірге қалады. Нәтижесінде коронавирустық инфекция маусымдық ауруға немесе асимптоматикалық тасымалдаушыға айналады. Ал, пандемиясыз, «ковидке дейінгі» өмірге оралуы, экономиканы тұрақтандыруды бәрі қалайды. Яғни, дәл осы жерде қазір біздің қолымызда жұқпалы ауруларды басқару құралы бар және бұл – вакцина.

Деректер «ҚазАқпарат» агенттігі, www.egemen.kz сайтынан алынды.

Әріптесіміз – «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтаждау учаскесінің 5-разрядты электромонтері **Марат ОРАЗАЛИЕВ** Ақтөбе қаласында өткен триатлоннан Қазақстан чемпионатында алтыннан алқа тағынды.

Аймақтық апталық «Диапазон» газетінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған байрақты бәсекеге еліміздің түкпірінен 150 шақты спортшы қатысты. Олардың қатарында Нұр-Сұлтан, Алматы, Алақөл, Орал, Ақтау, Атырау және тағы басқа өңірлерден қатысушылар болды. Жарыс шарты бойынша 1500 шақырым қашықтыққа – жүзу, 40 шақырым қашықтыққа – веложарыс, 10 шақырым қашықтыққа – жүгіруден мәреге 2 сағат 9 минутта жеткен Марат қарсыластарының барлығын шаң қаптырып кетті. Кейінгі орын алған ақтөбелік спортшы ізін қуып, тек 18 минуттан кейін мәре сызығын кесе алды. Үшінші орын Нұр-Сұлтан қаласының спортшысына

Марат – тағы да чемпион!



бұйырды.

- Алда үлкен жарыстар күтіп тұр. 2021 жылдың 15 тамызында Нұр-Сұлтан қаласында

Ironman Astana әлем чемпионаты өтеді. Ақтөбеде өткен бұл дода – осы әлемдік жарыс қарсаңындағы үлкен жаттығу



болды, - дейді әріптесіміз М.Оразалиев.

Айта кетейік, Марат бұған дейін де бұл әлемдік доданың

жартылай кезеңіне қатысқан болатын. Бұнда да құр алақан қайтқан емес. Ендігі жолы да әріптесімізге сәттілік тілейміз!

«Режиссер болу – қызылның бала кезгі арманы еді» - дейді Орталық бухгалтерияның аға бухгалтері А. Кейкешева

Тұран университетінің студенті Аружан Досымқожаның «Әлия» қысқаметражды фильмі бірден екі халықаралық кинофестивальде 12-18 шілде аралығында өтетін Genders & Performances және 23-30 шілде аралығында өтетін The Paus Premieres Festival киноалаңдарында көрсетілетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазуда.



Айта кетейік, Genders & Performances – гендерлік көрсеткіштерге, сектораралық пікірталастардың маңыздылығына және қазіргі заманғы өнер форматтарына байланысты мәселелерді талқылауға арналған алаң. Ал, Paus Premieres фестивалі – кинорежиссерлар үшін тамаша алаң, ол кинogerлерге цифрлы фильмдерді тікелей эфирде

көру тәжірибесін ұсынады. Фестиваль Португалияның Авейро қаласында осымен екінші рет өткізілгелі жатыр.

- Қызым бала кезден бейнетүсірілімге жаны жақын болды. Кішкентай кезінен-ақ бейнекамера сатып алып беруді сұрады. Әкесі жалғыз қызының тілегін орындап, алып берді. Бәрімізді камераға түсіретін. «Камера! Түсіріп жатырмын!» деп хабарлап қояды. 9-шы сыныпқа келгенде ол өзінің болашақаты арманымен бөлісті. Ол – режиссер болу. Аружан Ж.Досмұхамбетов лицейін физика-математика бағыты бойынша оқыған. Сондықтан, техникалық бағыттағы мамандықты таңдайтын шығар деп ойлағанмын. Алайда, ол шығармашылыққа бет бұрды. Шынымды айтсам, қызым бұл ойынан айнып қалады деп ойладым. Себебі, мұндай жаста кез келген бала өмірдің әр саласына да араласқысы келіп, арманның жетегінде жүретін кезеңі ғой. Бірақ, ол көздеген мақсатынан қол үзген жоқ, - деп



естелігімен бөлісті Аружанның анасы «Ембімұнайгаз» АҚ аға бухгалтері Айгүл КЕЙКЕШЕВА.

Сөйтіп, Тұран университетінің «Кино және телевидение» факультетіне түсу үшін алғашқы қысқаметражды фильм түсіріп,

комиссияға ұсынды. Міне, осы сәттен бастап Аружанның болашағына даңғыл жол ашылды.

Жастығына қарамастан, университет қабырғасын аттаған кезден бастап-ақ Аружан өз қабілетін көрсете білді. Қазір 5-ші

курс студенті. Киноиндустрия саласында 4 жыл бойы тәжірибе жинап, Әділхан Ержанов, Руслан Ақун, Айжан Қасымбек, Азамат Дулатов және т.б. атақты режиссерлар мен кино саласы мамандарымен бірге еңбек етіп үлгерді. Мирас Жүгінісовтің орындауындағы «Сен туралы» әнінің клипінің қоюшы-суретшісі ретінде де белгілі.

Аталған екі фестиваль де онлайн режимінде өтеді.

Аружан Досымқожаның «Әлия» фильмі университет бағдарламасы бойынша ауылда жұмыс істейтін жас мұғалім Әлия туралы баяндайды. Онда ол күтпеген жерден ежелгі қазақ дәстүрі «Қыз алып қашудың» құрбаны болады. Бұл оған оңайға соқпайды. Әлияның жаңа отбасы оның өмірін қорқынышты түске айналдырады, ал, ол болса, қашып кетуге бел буады...

Кез келген баланың қоғамдық-әлеуметтік дамуы, ең алдымен, отбасынан бастау алады. Осы орайда, Аружанның ата-анасы балаларына жастайынан өнегелі тәрбие беруге тырысты. Ембі өндірісінің дамуына қызмет еткен, бүгінде о дүниелік болған Асқар Кейкешев қызының арманына бала жастан қанат бітіріп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, нәзік жүрегімен терең мәнді проблемаларды ашып көрсете білуіне көп септігін тигізді. Қазір де Аружан шығармашылық бағыттағы әр бастамасында әкесінің қолдауын әлі күнге дейін сезінеді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.
L.Suleimenova@emg.kmgp.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgp.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,
Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.
Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.